

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтық төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 248 қаулысы. Түркістан облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 қарашада № 4778 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 12 наурыздағы № 1043 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 12.03.2026 № 1043 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңының 8-бабының 1-тармағының 20-4) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтық төлемдерінің мөлшері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкiне ресми жариялау және енгiзу үшiн "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсiпорнына жiберудi;

3) осы қаулы мемлекеттік тiркелген күннен бастап күнтiзбелiк он күн iшiнде оның көшiрмесiн ресми жариялау үшiн Шымкент қаласында таралатын мерзiмдi басылымдарға жiберудi;

4) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейiн Шымкент қаласы әкiмдiгiнiң интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсiн.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкiмiнiң бiрiншi орынбасары Қ.Нұртайға жүктелсiн.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Қала әкiмi

Ғ.Әбдiрахымов

Шымкент қаласы әкiмдiгiнiң

2018 жылғы "12" қараша

№ 248 қаулысына қосымша

Спорт түрлерi бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлерi бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кiретiн спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлерi бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшiлерiне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерiнiң мөлшерi

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы әкiмдiгiнiң 19.06.2024 № 2932 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

№	Жарыс атауы	Жүлделi орын	Төлем мөлшерi (айлық есептік көрсеткiш)		
			Спортшы	Жаттықтырушы	Клубтық команданың жетекшiсi
1	Олимпиада ойындары, Паралимпиада ойындары, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	500 АЕК	130 АЕК	130 АЕК
		2-орын	300 АЕК	110 АЕК	110 АЕК
		3-орын	250 АЕК	90 АЕК	90 АЕК
	Ә л е м чемпионаты	1-орын	150 АЕК	100 АЕК	100 АЕК
		2-орын	125 АЕК	80 АЕК	80 АЕК

2	ересектер арасында)	3-орын	100 АЕК	65 АЕК	65 АЕК
3	Азия ойындары (жазғы, қысқы), Пара Азия ойындары (жазғы, қысқы), Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы)	1-орын	130 АЕК	80 АЕК	80 АЕК
		2-орын	110 АЕК	60 АЕК	60 АЕК
		3-орын	100 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
4	Жасөспірімдердің Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы), Азия чемпионаты (ересектер арасында), Әлем чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	90 АЕК	50 АЕК	50 АЕК
		2-орын	75 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
		3-орын	60 АЕК	30 АЕК	30 АЕК
5	Әлем чемпионаты (жасөспірімдер арасында), Азия чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	60 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
		2-орын	50 АЕК	30 АЕК	30 АЕК
		3-орын	40 АЕК	25 АЕК	25 АЕК
6	Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер арасында), Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы)	1-орын	80 АЕК	30 АЕК	30 АЕК
		2-орын	65 АЕК	25 АЕК	25 АЕК
		3-орын	50 АЕК	20 АЕК	20 АЕК
7	Жастар ойындары (жазғы, қысқы), Қазақстан Республикасының чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	40 АЕК	25 АЕК	25 АЕК
		2-орын	30 АЕК	20 АЕК	20 АЕК
		3-орын	20 АЕК	15 АЕК	15 АЕК

Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлері спорт түрлері бойынша ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері

№	Жарыс атауы	Жұлделі орын	Төлем мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)		

			Ұлттық спорт түрлері бойынша	Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша *	Басқа спорт түрлері бойынша **
1	Әлем чемпионаты (ересектер арасында)	1-орын	120 АЕК	80 АЕК	70 АЕК
		2-орын	100 АЕК	60 АЕК	50 АЕК
		3-орын	80 АЕК	40 АЕК	30 АЕК
3	Азия ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	100 АЕК	80 АЕК	-
		2-орын	80 АЕК	60 АЕК	-
		3-орын	60 АЕК	40 АЕК	-
4	Азия чемпионаты (ересектер арасында), Әлем чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	80 АЕК	60 АЕК	50 АЕК
		2-орын	65 АЕК	50 АЕК	40 АЕК
		3-орын	50 АЕК	40 АЕК	30 АЕК
5	Әлем чемпионаты (жасөспірімдер арасында), Азия чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	60 АЕК	40 АЕК	-
		2-орын	50 АЕК	30 АЕК	-
		3-орын	30 АЕК	25 АЕК	-
6	Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер арасында), Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы)	1-орын	60 АЕК	50 АЕК	40 АЕК
		2-орын	45 АЕК	40 АЕК	30 АЕК
		3-орын	35 АЕК	30 АЕК	20 АЕК
7	Жастар ойындары (жазғы, қысқы), Қазақстан Республикасының чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	40 АЕК	25 АЕК	20 АЕК
		2-орын	30 АЕК	-	-
		3-орын	20 АЕК	-	-

Ескертпе:

Төлемдер спортшы және оның жаттықтырушысымен келісім шартқа сәйкес спорттық дайындықты жалғастарған жағдайда келесі сәйкес жарыстарға дейін жүзеге асырылатын болады. Егер спортшы (немесе жаттықтарушы) бір жылдың

ішінде спорттық жарыстарда, оның ішінде әртүрлі спорт түрлері бойынша бірнеше жоғары нәтиже көрсетсе, онда ақшалай жабдықтылым мөлшерлері спорт түрлері бойынша ең жоғары көрсеткіштің бірі бойынша жүргізіледі.

* - Азия ойындары құрамына кіретін, Халықаралық олимпиада комитетімен белгіленген олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерлері;

** - Азия ойындары құрамына кірмейтін, Халықаралық олимпиада комитетімен белгіленбеген, олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері.